

А. Әбіш 

КИМЭП университеті, Алматы, Қазақстан
e-mail: a.abish@kimep.kz

ПРОФЕССОР, ДОКТОР, ДОКТОР HONORIS CAUSA ЛАРС ЮХАНССОНДЫ ЕСКЕ АЛУ: ТҮРКОЛОГИЯДАҒЫ ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫ

Мақаланың мақсаты – Ларс Юханссон қалыптастырған жетекші теориялық бағыттарды жүйелі түрде талдап, олардың жалпы тіл біліміндегі орны мен түсіндіру мүмкіндігін айқындау. Атап айтқанда, зерттеуде viewpoint aspect тұжырымдамасының теориялық негіздері мен қолданылу аясы, evidentiality/indirectivity категориясын сипаттауға қосқан үлесі, сондай-ақ тілдік қатынаста кеңінен талқыланатын code-copying моделінің әдіснамалық әлеуеті сараланады. Автор Юханссон еңбектеріндегі аспектуалдылық, ақпараттық құрылым және тілдік қатынас (language contact) мәселелерінің бір-бірімен тоғысатын тұстарын көрсетіп, бұл бағыттардың өзара ықпалдасуын тұтастай ғылыми жүйе ретінде сипаттауды көздейді.

Зерттеу әдіснамалық тұрғыдан тарихи-сипаттамалық, салыстырмалы және талдамалық тәсілдерге сүйенеді. Сонымен бірге ғалымның негізгі монографиялары, мақалалары, сондай-ақ редакторлық қызметі аясындағы іргелі жобалары кешенді қарастырылып, оның ғылыми ұстанымдарының қалыптасу эволюциясы мен ықпал ету кеңістігі айқындалады. Талдау барысында Юханссон ұсынған ұғымдық аппараттың (аспект, дәлелділік/жанама ақпарат, код көшіру) қазіргі түркологиялық және типологиялық зерттеулерде қалай қолданылып жүргені, қандай әдістемелік артықшылық беретіндігі нақты дәлелдер арқылы негізделеді.

Мақаланың ғылыми жаңалығы – Юханссонды тек түркі тілдерін зерттеуші ғалым ретінде ғана емес, жалпы лингвистиканың теориялық дамуына ықпал еткен ғылыми мектептің өкілі әрі бағыттаушы тұлға ретінде бағалауында. Бұған қоса, оның халықаралық түркологиялық инфрақұрылымды қалыптастырудағы ұйымдастырушылық рөлі арнайы көрсетіледі: Turcologica сериясын дамытуы, Turkic Languages журналының ғылыми коммуникация кеңістігін кеңейтуі және Encyclopedia of Turkic Languages and Linguistics Online жобасын іске асыруға қосқан үлесі түркологиядағы білімді жүйелеу мен ғылыми стандарттарды орнықтыру тұрғысынан талданады.

Зерттеу нәтижелері Ларс Юханссонның ғылыми мұрасы қазіргі түркология мен жалпы тіл білімінде өзектілігін сақтап отырғанын дәлелдейді. Оның теориялық модельдері тілдік деректерді түсіндірудің әмбебап құралдары ретінде қазіргі типология, аспектология, тілдік қатынас және дискурс / ақпараттық құрылым зерттеулерінде өнімді түрде жалғасып, жаңа эмпирикалық материалдар арқылы нақтыланып келеді. Осы тұрғыдан алғанда, мақала Юханссон мұрасының ғылыми салмағын жүйелі түрде сипаттап, оның тұжырымдамаларының бүгінгі лингвистикалық ізденістердегі әдіснамалық маңызын айқындайды.

Түйін сөздер: Ларс Юханссон, түркітану, viewpoint aspect [аспектуалдылық], тілдік қатынас, code-copying [код-көшірме].

A. Abish

KIMEP university, Almaty, Kazakhstan
e-mail: a.abish@kimep.kz

Remembering Prof. Dr. Dr. h.c. Lars Johanson: His Scholarly Legacy in Turkic Linguistics

The article aims to provide a systematic analysis of the key theoretical directions shaped by Lars Johanson and to clarify their position and explanatory power in contemporary linguistics. The discussion focuses on three major contributions: (1) the viewpoint aspect framework and its relevance for modelling aspectual meanings; (2) Johanson's impact on the study of evidentiality/indirectivity, especially as a category encoding information source and indirect access to evidence; and (3) the methodological value of the code-copying model in contact linguistics. The author seeks to demonstrate how Johanson's work on aspectuality intersects with issues of information structure and language contact, treating these domains as interconnected components of a coherent research agenda.

Methodologically, the study combines historical-descriptive, comparative, and analytical approaches. It offers an integrated reading of Johanson's major monographs, articles, and editorial projects, allow-

ing the author to trace the evolution of his conceptual apparatus and to outline the scope of his influence across Turkology and general linguistics. Particular attention is paid to how his core notions (aspect, evidentiality/indirectivity, and code-copying) continue to function as productive analytical tools in current typological and Turkological scholarship.

The paper's scholarly novelty lies in interpreting Johanson not merely as a specialist in Turkic languages but as a figure associated with a broader theoretical school that has shaped developments in general linguistics. The article also highlights his institutional and organizational contributions to the field, including his role in advancing the *Turcologica* series, supporting the journal *Turkic Languages*, and contributing to the *Encyclopedia of Turkic Languages and Linguistics Online*. The findings demonstrate that Johanson's intellectual legacy remains highly relevant and that his theoretical proposals are actively extended in present-day research on aspectology, typology, contact linguistics, and discourse/information-structure studies.

Keywords: Lars Johanson, Turkology, viewpoint aspect, contact linguistics, code-copying.

А. Абиш

Университет КИМЭП, Алматы, Казахстан
e-mail: a.abish@kimep.kz

Памяти профессора, доктора, доктора *honoris causa* Ларс Юханссона: его научное наследие в тюркологии

Цель статьи – системно проанализировать ключевые теоретические направления, сформированные Ларсом Юханссоном, и тем самым уточнить их место и объяснительный потенциал в современном языкознании. В центре внимания находятся, во-первых, концепция viewpoint aspect и её роль в описании аспектуальности; во-вторых, вклад учёного в разработку категории evidentiality/indirectivity как средства репрезентации источника и косвенности информации; в-третьих, методологические возможности модели code-copying в контактной лингвистике. Автор стремится показать взаимосвязь аспектуальных исследований Юханссона с проблематикой информационной структуры и языковых контактов, рассматривая эти направления как элементы единой научной системы.

Методологическую основу исследования составляют историко-описательный, сравнительный и аналитический подходы. Проведён комплексный анализ ключевых монографий, статей и редакторских проектов учёного, что позволяет проследить эволюцию его научных установок и очертить сферы влияния в тюркологии и общей лингвистике. Отдельно рассматривается функционирование предложенного им понятийного аппарата (аспект, эвиденциальность/индирективность, кодовое копирование) в современных типологических и тюркологических исследованиях.

Научная новизна статьи заключается в том, что Юханссон осмысливается не только как тюрколог, но и как представитель и формирующая фигура теоретической школы, внесшей вклад в развитие общего языкознания. Дополнительно подчёркивается его организационная роль в создании и поддержке научной инфраструктуры: развитие серии *Turcologica*, деятельность журнала *Turkic Languages* и участие в проекте *Encyclopedia of Turkic Languages and Linguistics Online*. Полученные результаты подтверждают, что теоретические модели Л. Юханссона сохраняют актуальность и продуктивно используются в современных исследованиях аспектологии, типологии, контактной лингвистики и дискурс-анализа.

Ключевые слова: Ларс Юханссон, тюркология, аспектуальность, эвиденциальность, контактная лингвистика, code-copying.

Кіріспе

Профессор Ларс Юханссон – түркі тіл білімі тарихында айрықша орны бар ғалым, әлемдік лингвистикаға зор үлес қосқан тұлға. Ол 1936 жылы 8 наурызда Швецияның Кёпинг қаласында дүниеге келген. Ғалым 2025 жылғы 24 қарашада 89 жасында Германияның Майнц қаласында өмірден өтті. Ұзақ жылдар бойы жемісті ғылыми-педагогикалық қызмет атқарған профессор Юханссон түркі тілдерін зерттеудің жаңа бағыттарын қалыптастырып, классикалық

түркологияны құрылымдық және типологиялық әдістермен байытты. Ол түркологияны дәстүрлі филологиялық арнадан заманауи лингвистикалық деңгейге көтеріп, оның теориялық негіздерін жаңаша пайымдады. Сондықтан оның еңбектері тек түркітану саласы үшін ғана емес, жалпы тіл білімі үшін де аса құнды мұра болып табылады.

Осы мақалада Л. Юханссонның ғылыми мұрасы үш іргелі бағыт бойынша (аспектуалдылық, эвиденциалдылық/жанама хабар, code-copying) жүйеленіп, олардың өзара байланысы

біртұтас әдіснамалық бағдар ретінде сипатталады. Талдаудың мақсаты – аталған ұғымдардың түркологиялық деректерді түсіндірудегі түсіндірмелік қуатын айқындап қана қоймай, оларды қазіргі типологиялық және тілдік қатынас туралы зерттеулеріндегі қолданылу логикасымен байланыстыра көрсету. Бұл тұрғыдан алғанда, мақала Юханссон концепцияларының түркологиядағы теориялық ойлау мәдениетін жаңғыртудағы және зерттеу тілін нақтылаудағы рөлін айқындайды.

Қысқаша өмірбаяны төмендегідей. Л. Юханссонның ғылыми жолы Швециядағы классикалық білім ордасы – Уппсала университетінен бастау алды. Ол аталған университетте герман, скандинав, славян тілдері мен жалпы тіл білімі бойынша білім алып, сондай-ақ түркітану және санскритті меңгерген. 1959 жылы бакалавр, 1961 жылы магистр дәрежесін алған соң, 1960–1961 жылдары Вена университетінде Шығыстану (Oriental Studies) бойынша білімін толықтырды. 1966 жылы Уппсала университетінде түркі тілдері бойынша «философия лиценциаты» дәрежесін қорғап, 1971 жылы сол оқу орнында түркі тіл білімі бойынша докторлық диссертациясын (хабилитация) сәтті аяқтады.

1971 жылы жарық көрген «Aspekt im Türkischen» («Түрік тіліндегі аспект») атты монографиясы түркі тілдеріндегі етістік шақ-жүйесін зерттеуде жаңа кезеңнің басталуына жол ашты және ғылыми ортада жоғары бағаланды.

1972–1973 жылдары Л. Юханссон Майнц университетінде (Германия) Александр фон Гумбольдт атындағы зерттеу стипендиаты ретінде еңбек етіп, 1973 жылы сол университетте түркітану профессоры ғылыми атағын алады. 1981 жылы профессор Юханссон Майнц университетінде өмір бойы профессор (С4 дәрежелі) қызметіне тағайындалды. Майнцтағы ұзақ жылдарында ол Еуропадағы ең беделді түркітану орталықтарының бірін қалыптастырды.

1985 жылдан бастап Висбаден қаласындағы Harrassowitz баспасынан шығатын *Turcologica* сериясының жауапты редакторы болып, түркітануға қатысты 130-дан астам монографияның жарық көруіне мұрындық болды. 1995 жылы оның бастамасымен «Turkic Languages» ғылыми журналы негізі қаланып, ғалым өмірден өткенге дейін бұл басылымның 29 томы жарық көрді. Журнал «Arts & Humanities Citation Index (A&HCI)» дерекқорында индекстеледі.

Л. Юханссонның ғылыми өнімділігі айрықша жоғары болды: 1966 жылдан 2025 жылға де-

йін ол 500-ден астам ғылыми еңбек жариялады. Соның ішінде бірнеше іргелі монографиялар ерекше аталады. Мәселен, «Structural Factors in Turkic Language Contacts» атты еңбегі алғаш неміс тілінде (1992) жарық көріп, 2002 жылы ағылшын тілінде жарияланды. Бұл жұмысында автор тілдік байланыстар үдерісіндегі құрылымдық факторларды терең талдап, типологиялық ықпалдасудың жүйелі моделін ұсынды.

2021 жылы Кембридж университеті баспасынан жарық көрген «Turkic» атты көлемді монографиясы түркі тілдерінің салыстырмалы сипаттамасына арналған іргелі еңбек болып табылады. Мың бетке жуық бұл зерттеу түркі тілдерінің синхронды, диахронды, типологиялық және аймақтық аспектілерін кешенді түрде қамтыды.

Ғалым өмірінің соңғы жылдарында да ғылыми белсенділігі бәсеңдеген жоқ. 2023 жылы Анкарада «Aspect in the Languages of Europe» және Лейденде «Code Copying: The Strength of Languages in Take-over and Carry-over Roles» атты еңбектері жарық көрді. Бұл еңбектерінде ол өз теориялық тұжырымдарын еуропалық тілдер материалында кеңейтіп, тілдік байланысқа қатысты code-copying моделін әрі қарай дамытты.

Ларс Юханссон халықаралық ғылыми ортада кеңінен танымал тұлға болды. Ол Жапония, Түркия, Қытай, Мажарстан, Австралия, Ресей және басқа елдердің жетекші университеттерінде шақырылған профессор ретінде дәріс оқыды. 1997–1998 жылдары Токио шетел зерттеулері университетінде, 2001 жылы Австралиядағы Ла Троб университетінде (Мельбурн), 2003–2004 жылдары Ыстамбұлдағы Босфор университетінде қызмет атқарды. Сонымен қатар Лейпцигтегі Макс Планк институтында, Уппсаладағы Швецияның перспективалық зерттеулер институтында және басқа ғылыми орталықтарда зерттеу жұмыстарын жүргізді.

1999 жылы Венгриядағы Сегед университеті оны honoris causa дәрежесімен марапаттады. 2008 жылы Түркия Республикасының Президенті тарапынан Республика орденімен наградталды, ал 1988 жылы «Türk Dil Kurumu» ғылыми сыйлығын иеленді.

Ларс Юханссон өзін тек зерттеуші ғана емес, ұлағатты ұстаз ретінде де танытты. Ол Майнц университетінде ондаған жылдар бойы түркі тілдері бойынша дәрістер оқып, жас ғалымдарды ғылыми ізденіске баулыды. Оның жетекшілігімен көптеген докторанттар диссертация қорғап,

қазіргі таңда түрлі елдерде профессорлық қызмет атқарып келеді.

Ғалым шәкірт тәрбиелеуде ғылымға адалдық пен теориялық тереңдікке ерекше мән берді. Оның ғылыми мектебі Германия, Түркия, Жапония, Қазақстан, Венгрия және басқа елдерде жалғасын табуда.

Халықаралық ғылыми қауымдастықта профессор Юханссон түркі тіл білімінің беделді өкілі ретінде танылды. Оның дәрістері мен семинарлары түркітанудың өзекті мәселелерін жандық деңгейде талқылауға жол ашты.

Үстаз ретінде ол тек білім беріп қана қоймай, халықаралық ғылыми жобаларды ұйымдастырып, түркітанушылардың кәсіби байланысын нығайтты. Оның бастамасымен өткізілген кездесулер мен конференциялар жас ғалымдардың қалыптасуына ықпал етті.

Профессор Ларс Юханссоннан кейін жары Эва А. Чато «Éva Á. Csató», балалары Карин «Karin» мен Андреас «Andreas», сондай-ақ қарындасы Керстин «Kerstin» қалды. Ғалымның денесі Швецияның Кёпинг қаласында, Юханссондар әулетінің отбасылық зиратында жерленді.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеудің дереккөздері ретінде Ларс Юханссонның аспектуалдылық, evidentiality (indirectivity) және тілдік қатынас мәселелеріне арналған негізгі еңбектері қарастырылды. Алдымен аспект теориясына қатысты *Aspekt im Türkischen* (1971) және *Aspect in the Languages of Europe* (2023) монографиялары талданды.

Эвиденциалдылық мәселесін саралауда *Evidentials: Turkic, Iranian and Neighbouring Languages* (2000) жинағындағы тұжырымдар негізге алынды.

Тілдік қатынас және құрылымдық бейімделу мәселелерін қарастыруда *Structural Factors in Turkic Language Contacts* (2002) және *Code Copying: The Strength of Languages in Take-over and Carry-over Roles* (2023) еңбектері пайдаланылды.

Түркі тілдерінің типологиялық және ареалдық кеңістігін пайымдауда *Turkic* (2021) және *Discoveries on the Turkic Linguistic Map* (2001) зерттеулері теориялық талдаудың негізін құрады.

Зерттеу барысында тарихи-сипаттамалық, салыстырмалы-типологиялық және талдамалық әдістер қолданылды.

Әдеби шолу

Л. Юханссонның ғылыми мұрасында етістіктің грамматикалық категориялары мен функционалды-семантикалық өрістері ерекше орын алады. Ол түркі тілдеріндегі аспект категориясын талдаудың жаңа теориялық үлгісін қалыптастырып, аспектуалдылықты тек формалды-грамматикалық құбылыс ретінде емес, сөйлеушінің когнитивтік позициясымен байланысты семантикалық жүйе ретінде қарастырды.

Аспектуалдылық теориясы және оның қазақ тіліндегі көрінісі:

1971 жылы жарық көрген еңбегінде Л. Юханссон түркі тіліндегі етістіктің амал өту сипатын жүйелі түрде талдап, оны кейін тіл білімінде көзқарас «viewpoint» аспектісі теориясы ретінде қалыптастырды. Бұл теория әрекеттің уақыттық-фазалық құрылымына емес, сөйлеушінің оны қандай позициядан көрсететініне назар аударады. Модель кейін еуропалық тілдерге де қолданылып, Юханссон редакторлығымен шыққан «*Aspect in the Languages of Europe*» [Еуропа тілдеріндегі аспектуалдылық] (2023) еңбегінде кең көлемде талданды.

Юханссон аспектуалдылықты екі деңгейде қарастырады:

1. «Viewpoint aspect» (Көзқарас аспектісі) – әрекетті бақылау позициясы;

2. «Aktionsart» (ситуациялық аспект) – әрекеттің ішкі семантикалық құрылымын сипаттайды.

Көзқарас аспектісі шеңберінде оқиға үш түрлі ракурстан ұсыныла алады:

Интрагерминалдылық (+INTRA) – сөйлеуші әрекеттің ішкі фазасына назар аударады. Бұл ракурста оқиға шегінің ішінде көрсетіледі. Мысалы: Ол кітап оқып отыр; Мен хат жазып жатырмын; Ол ерте тұратын – сөйлеуші әрекеттің өту барысын көрсетеді. Мұнда интрагерминалдылық мағына *-a/-e/-й* тұлғалы көсемшелер және *-атын/-етін/-йтын/-йтін* тұлғалы есімшелер арқылы беріледі.

Постгерминалдылық (+POST) – әрекет аяқталғаннан кейінгі нәтижелік күйге фокус жасалады. Бұл кезде оқиғаның нәтижесі маңызды. Мысалы: Ол хат жазып қойған; Біз жұмысты бітіріп қойғанбыз; Кітапты оқып қойған; Үйге кетіп қалған – әрекет аяқталған, бірақ оның салдары әлі де өзекті. Бұл мағына *-ған/-ген/-қан/-кен* тұлғалы есімшелер мен

-ын/-ін/-н + көмекші етістік құрылымдары арқылы беріледі.

Бейинтратерминалдылық (-INTRA) – әрекет толық факт ретінде ұсынылады; нәтижелік мағына айқын емес. Мысалы: Ол жазды; Біз жұмысты бітірдік – әрекет аяқталғаны айтылса да, оның салдары өзектенбейді.

Бұл үш ракурс қазақ тіліндегі формалардың уақыттық интерпретациясын анықтауға мүмкіндік береді. Интратерминалдылық формалар әрекеттің өту үстіндегі фазасын білдірсе, посттерминалдылық формалар нәтижелік күйді көрсетеді; бейинтратерминалдылық форма әрекетті тұтас факт ретінде береді. Бұл айырмашылық сөйлеушінің әрекетті қай фазадан сипаттап тұрғанын айқындайды.

Қазақ тілінің шақ жүйесі әлсіз дамыған; уақыттық мағына көбіне аспектіге қатысты интерпретация арқылы туындайды. Зерттеулер көрсеткендей, арнайы шақ маркерлері міндетті емес; сөйлесімде уақыттық ақпарат бақылау ракурсы, фокустық дәрежесі және мәтіндік контекст арқылы анықталады. Юханссон, сонымен қатар, фокустық деңгейді «focality» де ескереді: әрекет тар «жоғары фокус» немесе кең «төмен фокус» перспективада ұсынылуы мүмкін. Бұл параметр аспект формаларының нәтижелік немесе процессуалдық мағыналары мен дискурстық қызметіне ықпал етеді, бірақ осы мақалада фокустық айырмашылыққа арнайы талдау жасалмайды; бұл болашақ зерттеулердің нысаны ретінде айқындалды.

Функционалды-коммуникативтік тұрғыдан аспектуалдылық айырмашылықтары сөйлеушінің ақпаратқа қатынасымен және оның прагматикалық ниетімен байланысты. Аспектуалдық деңгейде – әрекеттің уақыттық-фазалық құрылымы, ал дискурстық ұйымдасуда – алдыңғы «foreground» мен кейінгі «background» ақпаратты ажырату сияқты қызметтерді айқындайды.

Қорыта айтқанда, Юханссонның көзқарас аспектісі теориясы қазақ тіліндегі шақ-қимыл-уақыт жүйесін жаңа қырынан түсіндіруге мүмкіндік береді. Уақыттық мән көбінесе аспектуалдық ракурс арқылы беріледі, сондықтан аспект формаларын жүйелі түрде талдау – тілдің функционалды-семантикалық құрылымын ашудың маңызды құралы болып қала береді.

Эвиденциалдылық «evidentiality» теориясы және оның қазақ тіліндегі қолданылуы:

Эвиденциалдылық – айтылымдағы ақпараттың қайнар көзі мен сөйлеушінің оған қатынасын білдіретін грамматикалық категория. Юханссон түркі тілдеріндегі жанама хабарлау формаларын жүйелі түрде талдап, оларды тек өткен шақтың

формалары ретінде емес, ақпарат көзін кодтайтын функционалды-семантикалық механизм ретінде қарастырды. Юханссон бұл құбылысты Жанама Хабарлау (indirectivity) ұғымы арқылы сипаттап, эвиденциалдылықты дербес лингвистикалық категория ретінде негіздеді.

2000 жылы Б. Утаспен бірлесіп жарық көрген «Evidentials: Turkic, Iranian and Neighbouring Languages» («Эвиденциалдылық категориясы: түркі, иран және көршілес тілдер») атты ұжымдық еңбекте түркі, иран және өзге де тілдердегі эвиденциалдық жүйелер салыстырмалы-типологиялық тұрғыдан талданып, ақпарат көзін білдіру тәсілдерінің құрылымдық және семантикалық ерекшеліктері айқындалды. Бұл зерттеулер эвиденциалдылықтың тек жекелеген тілдерге тән құбылыс емес, тіл типологиясында маңызды орын алатын әмбебап категория екенін көрсетті.

Юханссон ұсынған эвиденциалдылық тұжырымдамасы кейінгі зерттеулерде нақты тілдік материалдар негізінде дамытылып келеді. Мәселен, қазақ тілінің деректері бойынша жүргізілген зерттеуде (Abish, 2024) эвиденциалдылық формаларының прагматикалық және дискурстық қызметі жан-жақты талданып, *-ып-ты/-інті/-нты/-інті*, *екен*, *-мыс/-міс* сияқты көрсеткіштердің сөйлеушінің ақпаратқа қатынасын білдірудегі рөлі корпус деректері негізінде сипатталды. Аталған еңбекте қазақ тіліндегі эвиденциалдылықтың есту арқылы хабарлау «hearsay», қорытынды жасау «inferential» және тікелей қабылдау «perceptive» контекстеріндегі қызметі салыстырылып, жанама хабарлау формаларының дискурстық ұйымдасудағы маңызы айқындалды.

Бұл талдаулар Юханссон теориясының қазақ тілінің материалдары негізінде де нәтижелі қолданылатынын көрсетеді. Сонымен қатар, эвиденциалдылық категориясының прагматикалық, гендерлік және типологиялық қырларын кешенді түрде зерттеу қажеттілігі сақталып отыр.

Тілдік қатынас және code-copying:

Тілдік қатынас және «code-copying» (код-көшірме) – Л. Юханссонның ғылыми мұрасындағы тілдердің байланыс үдерісін сипаттаудағы маңызды теориялық бағыттардың бірі. Ғалым «contact linguistics» (тілдік қатынас) саласында тілдер арасындағы лексикалық және грамматикалық алмасу механизмдерін зерттеп, оларды сипаттау үшін code-copying моделін ұсынды.

Бұл модель дәстүрлі «қарыз алу», «калькалау» ұғымдарынан өзгеше: ол тілдегі кез келген деңгейдегі (дыбыстық, морфологиялық, синтак-

систік, семантикалық) элементтердің көшіру немесе бейімделу үдерісін жүйелік бейімделу ретінде түсіндіреді. Яғни жаңа элементтер қабылдаушы тілдің құрылымына функционалдық тұрғыдан сәйкестеніп еніп, сыртқы ықпалды ішкі жүйемен үйлестіреді.

Юханссонның 2023 жылы жарияланған *Code Copying: The Strength of Languages in Take-over and Carry-over Roles* (Кодтық көшіру: тілдердің қабылдаушы және тасымалдаушы рөлдеріндегі әлеуеті) еңбегінде моделдің теориялық негіздері жан-жақты баяндалады. Онда код-көшірме үдерісінің тілдің әлсіреуін емес, оның функционалдық әлеуетін кеңейтетінін көрсетеді; әсіресе көптілді ортадағы тілдер үшін бұл бейімделу механизмдері өміршеңдік пен даму құралы бола алатыны айтылады.

Қазақ тілінің тарихи деректері code-copying теориясының қолданылу мүмкіндігін айқын көрсетеді. Парсы-араб және кейін орыс тілдерімен ұзақ мерзімді байланыс нәтижесінде қазақ тілінде лексикалық элементтермен қатар құрылымдық үлгілер де орныққаны мәлім. Мәселен, халықаралық терминдердің сіңуі, синтаксистік үлгілердің дискурстық ұйымдасуға ықпалы немесе көмекші құрылымдардың функционалдық кеңеюі код-көшірме моделінің зерттеу аясын кеңейтеді. Бұл құбылыстарды дәстүрлі «қарыз сөз» шеңберінде ғана емес, Юханссон ұсынған модель тұрғысынан талдау тілдік бейімделудің әр деңгейін нақтылауға мүмкіндік береді.

Солай бола тұра, қазақ тілін code-copying тұрғысынан кешенді зерттеулер жүргізу әлі де маңызды міндет болып қалып отыр. Алдағы зерттеулерде қазақ тілінің тарихи және қазіргі кезеңдердегі контактілік деректері осы модель негізінде арнайы талдануы тиіс.

Осы тұрғыдан алғанда, Л. Юханссонның тілдік қатынас теориясы – аспектуалдылық пен эвиденциалдылық сияқты категориялармен қатар, жалпы тіл типологиясында жүйелі талдау жасайтын әмбебап әдіснамалық негіз ретінде бағаланады.

Түркі тілдерінің ареалдық картасы және типологиялық пайым:

Л. Юханссонның ғылыми мұрасында түркі тілдерінің географиялық және ареалдық кеңістігін теориялық тұрғыдан пайымдауға арналған еңбектер де ерекше орын алады. Соның бірі – «Discoveries on the Turkic Linguistic Map» (Түркі тілдері картасындағы зерттеулер) атты еңбегі кейіннен түрік тіліне «Türk dili haritası üzerinde keşifler» атауымен аударылып жария-

ланды. Бұл еңбек түркі тілдері картасын жай сипаттап қана қоймай, оны қайта қарастырудың ғылыми қажеттілігін негіздейді. Автор түркі тілдерінің таралу аймақтарын, шеткері диалектілерді және тілдік байланыс аймақтарын динамикалық құбылыс ретінде қарастырады. Еңбектің алғашқы бөлімінде түркология тарихындағы далалық зерттеулердің маңызы, Скандинавия түркологиясының дәстүрі және жаңа зерттеу бағыттарының қажеттілігі талданады. Юханссон түркі тілдері картасының әлі толық жасалмағанын атап көрсетіп, әсіресе шет аймақтардағы және жойылу қаупіндегі тілдік нұсқаларды құжаттандырудың ғылыми маңызын айқындайды. Бұл жерде тіл кеңістігі статикалық құрылым емес, үнемі өзгерістегі жүйе ретінде сипатталады. Екінші бөлімде тіл құжаттандыру, типологиялық зерттеу, салыстырмалы әдіс және тілдік қатынас мәселелері кеңінен қарастырылады. Автор тілдердің өзара ықпалдасуын тек лексикалық алмасу ретінде емес, құрылымдық деңгейдегі өзара әсер ретінде түсіндіреді. Сонымен қатар жойылу қаупіндегі тілдердің әлеуметтік қызметі әлсіреген жағдайда олардың болашағы туралы мәселелер көтеріліп, тілдік әртүрлілікті сақтау ғылыми әрі мәдени жауапкершілік екені көрсетіледі.

Осылайша бұл еңбек түркологияны тек тарихи-филологиялық зерттеу шеңберінен шығарып, оны ареалдық, типологиялық және социолингвистикалық бағыттармен ұштастырады. Юханссон түркі тілдерінің картасын сызықтық жүйе ретінде емес, өзара байланысқан, көпқабатты тілдік кеңістік ретінде қарастыруды ұсынады. Бұл тәсіл оның тілдік қатынас теориясымен және code-copying моделінің концептуалдық негіздерімен сабақтас келеді.

Ғалымның жалпы тіл білімі мен түркология тоғысындағы еңбектерінің маңыздылығын оның әріптестері мен ізбасарлары да жоғары бағалады. Л. Юханссонның құрметіне шыққан мерейтойлық жинақтарда (мысалы, «Symbolae Turcologicae» – 1996 жылы ғалымның 60 жылдығына арналған) оның жаңашыл ғылыми идеялары жан-жақты талданып, көптеген шәкірттері мен әріптестерінің еңбектері жарияланды. Бұл жинақтар Юханссон еңбектерінің халықаралық ғылыми қауымдастықта кең талқыланғанын көрсетеді.

Л. Юханссон өмірінің соңғы кезеңіне дейін ғылыми белсенділігін сақтап, іргелі еңбектер жазуын тоқтатпады. Ғалымның швед тіліндегі ғылыми мұрасына Бирсел Каракоч «Birsell

Каракош» және Эва А. Чато «Éva Á. Csató» мен бірлесіп жазған түрік тілінің грамматикасы да жатады; бұл еңбек 2026 жылы жарық көреді.

Нәтижелер мен талқылау

Жүргізілген зерттеу профессор Л. Юханссонның ғылыми мұрасы тек түркі тілдері ғылымының мазмұнын ғана емес, оның методологиялық бағытын түбегейлі өзгерткенін көрсетеді. Ғалым еңбектерінде түркі тілдері дербес жүйелер ретінде сипатталумен қатар, оларды жалпы тіл білімі тұрғысынан – типология, ареалдық лингвистика, социолингвистика аясында қарастыруға баса назар аударылды. Бұл ұстаным түркологияны тар филологиялық шеңберден шығарып, оны теориялық лингвистиканың құрамдас бөлігіне айналдырды.

Аспектуалдылық: жүйелік тәсіл және когнитивтік бейне:

Аспектуалдылық теориясына қатысты нәтижелер көрсеткендей, Юханссон енгізген көзқарас аспектісі түркі тілдерінің егістік жүйесін жаңа ракурстан түсіндіруге мүмкіндік береді. Нәтижесінде әрекеттің уақыттық-фазалық құрылымын ғана емес, сөйлеушінің когнитивтік позициясын ескеретін аналитикалық аппарат қалыптасты. Бұл тәсіл арқылы интраатерминалдық, постатерминалдық және бейнтраатерминалдық формалардың айырмашылықтары таза морфология емес, дискурстық және прагматикалық ұйымдасу элементтері ретінде танылды.

Соңғы нәтижелер қазақ тілінің кейбір формаларының дәстүрлі «шақ» маркерлері ретінде түсіндірілмей, контекстке байланысты аспектуалдық және фокустық мағына беретінін көрсетеді. Бұған қоса, біздің 2016 және 2022 жылдардағы зерттеулерімізде қазақ тіліндегі модальдік, тақырыптық құрылым мен аспектуалдылықтың өзара ықпалы талданды. Шақ / аспект формаларының ақпараттық құрылымды ұйымдастырудағы және прагматикалық мақсатты жеткізудегі ролі анықталды – бұл Юханссон моделінің нақты тілдік материалға қаншалықты сәтті қолданылатынын көрсетеді.

Эвиденциалдылық: ақпарат көзі категориясының орны:

Эвиденциалдылық пен жанама хабарлау мәселесіне байланысты талдау Юханссонның бұл категорияны дербес лингвистикалық құбылыс ретінде орнықтырғанын дәлелдейді. Ол түркі тілдеріндегі *-ған*, *-мыш* сияқты формаларды тек өткен шақпен теңестіру дәстүрінен бас тартып,

олардың ақпарат көзі (есту арқылы хабарлау, қорытынды жасау, тікелей қабылдау) мен сөйлеушінің эпистемикалық позициясын білдіретін күрделі жүйе екенін көрсетті. Бұл нәтижелер кейінгі эмпирикалық жұмыстарда, соның ішінде 2024 жылы жарияланған біздің корпус негізіндегі зерттеуімізде, жан-жақты расталды. Әсіресе, грамматикалық көрсеткіштерінің прагматикалық қызметі мен гендерлік дискурстағы айырмашылығы талданып, Юханссон ұсынған «evidentiality/indirectivity» моделі нақты дерек арқылы кеңейтілді.

Код-көшірме: байланыстағы тілдердің ішкі бейімделуі:

Тілдік қатынас саласында Юханссон ұсынған code-copying моделі дәстүрлі «қарыз алу» түсінігін тереңдете түсті. Нәтижелер бұл модельдің тілдер арасындағы ықпалдасуды сыртқы әсер емес, құрылымдық-функционалдық бейімделу үдерісі ретінде түсіндіруге мүмкіндік беретінін көрсетті. Ол тілдік өзгерістерді нормативтік бағалау объектісі емес, бейтарап типологиялық құбылыс ретінде қарастыруды ұсынды. Қазақ тіліндегі парсы-араб және орыс тілдерімен байланыста қалыптасқан лексикалық әрі құрылымдық ерекшеліктерді зерттеу – осы модельдің келесі сынағы. Өкінішке қарай, бұл бағыттағы зерттеулер әлі кешенді түрде жасалмаған; дегенмен алғашқы талдаулар code-copying құбылысының қазақ тілін байытқанын көрсетеді.

Ареалдық картография және типологиялық ойлау:

Юханссонның түркі тілдерінің ареалдық картасын қайта пайымдау жөніндегі еңбектері түркологияға кеңістіктік және тарихи динамиканы кіргізді. Ол тіл таралу аймақтарын статикалық карта ретінде емес, үнемі өзгерістегі жүйе ретінде қарастыруды ұсынды. Бұл нәтижелер халықаралық түркологияда ареалдық және социолингвистикалық зерттеулердің жаңа толқынын тудырды. «Discoveries on the Turkic Linguistic Map» еңбегінде далалық зерттеулердің маңызы, шеткері диалектілерді құжаттандыру қажеттілігі, тілдік әртүрлілікті сақтау және жойылып бара жатқан тілдерге жауапкершілік сияқты мәселелер көтерілді. Бұл пайымдар қазіргі түркологияда жаңа әдістер мен бағдарларды қалыптастыруға үлкен әсер етті.

Жалпы алғанда, алынған нәтижелер Л. Юханссонның еңбектері тек жекелеген теориялық үлгілермен шектелмейтінін, оның ғылыми мектебі түркологияның методологиясын жүйелі түрде өзгерткенін көрсетеді. Аспектуал-

дылық, эвиденциалдылық, код-көшірме және ареалдық типология өзара байланысқан ірі теориялық құрылым ретінде қалыптасып, әрқайсысы түркі тілдерін жалпы тіл білімінің кеңістігінде түсіндіруге мүмкіндік берді. Оның модельдері қазіргі зерттеулерде дерек көзі ретінде ғана емес, талдау құралы ретінде қызмет етіп отыр. Бұл тұжырымдар Қазақстандағы және басқа елдердегі ғалымдардың еңбектерінде, оның ішінде өзінің зерттеулерінде, кеңінен қолданыла бастады.

Қорытынды

Жүргізілген талдау профессор Ларс Юханссонның ғылыми мұрасы түркологияның теориялық негіздерін жүйелі түрде жаңғыртқанын көрсетеді. Оның зерттеулері түркі тілдерін сипаттаудың дәстүрлі филологиялық тәсілінен шығып, оларды жалпы тіл білімінің типологиялық және функционалдық кеңістігінде қарастыруға мүмкіндік берді.

Юханссон қалыптастырған теориялық бағыттар – аспектуалдылықты концептуалдық тұрғыдан пайымдау, эвиденциалдылық пен жанама хабар категориясын дербес функционалдық жүйе ретінде түсіндіру, сондай-ақ тілдік қатынасты құрылымдық бейімделу үдерісі ретінде қарастыру – қазіргі түркологияның әдіснамалық тіректерінің біріне айналды. Бұл модельдер жекелеген тілдік құбылыстарды сипаттаумен шектелмей, тіл жүйесін кешенді, динамикалық құрылым ретінде пайымдауға жол ашты.

Сонымен бірге ғалымның ареалдық және типологиялық көзқарастары түркі тілдерінің кеңістік пен уақыт аясындағы қозғалысын түсіндіруде маңызды бағдар береді. Оның еңбектері тілдік өзгерістерді нормативтік тұрғыдан бағалаудан гөрі, олардың құрылымдық және функционалдық сипатын айқындауға бағытталған ғылыми ұстанымды орнықтырды.

Осы тұрғыдан алғанда, Ларс Юханссонның ғылыми мұрасы тек тарихи мәнге ие емес, ол қазіргі зерттеулер үшін де теориялық бағдар қызметін атқарып отыр. Түркі тілдерін зерттеудің болашақ бағыттары да оның ұсынған әдіснамалық қағидалары негізінде жалғасын табары сөзсіз. Қорыта айтқанда, профессор Ларс Юханссон – түркі тіл білімінің тірек тұғырларын жаңаша қалаған ұлы ғалым. Оның өмірі мен қызметі ғылымға адалдықтың, білімге күштарлықтың үлгісі болды. Түркология ғылымында зерделенбей келген талай соны саланы ол өз дарыны мен еңбекқорлығының арқасында да-

мытып, әлемдік лингвистикада түркі тілдерінің лайықты орын алуына ықпал етті. Л. Юханссон артында мол ғылыми мұра қалдырды – жүздеген мақалалар мен ондаған кітаптар, шәкірттер мен ізбасарлар, ғылыми жобалар мен бастамалар.

Бүгінде ғалымның бастамалары оның үзеңгілес серіктері арқылы жалғасын табуда. Мысалы, Л. Юханссон негізін қалаған Encyclopedia of Turkic Languages and Linguistics Online жобасын енді оның өмірлік серігі, белгілі түркітанушы Ева А. Чато және редакция алқасы жалғастыруда. Бұл – ғалымның ғылыми идеалдарының өміршеңдігінің дәлелі. Сонымен бірге профессор Юханссонның еңбектері мен идеялары уақыт өте келе де маңызын жоймай, түркі тілдерін зерттеушілер үшін шабыт пен бағыт-бағдар көзі болып қала беретіні сөзсіз.

Ларс Юханссон есімі түркология тарихында алтын әріппен жазылды. Оның ғибратты ғұмыры мен ғылыми шығармашылығы кейінгі ұрпақ ғалымдарына өнеге болып, түркі әлемінің тілдік байлығын зерттеу ісіне қызмет ете бермек. Ғалымның жарқын бейнесі мен өлшеусіз еңбегі оны білетін әріптестері мен шәкірттерінің жүрегінде мәңгі сақталмақ.

Профессор Ларс Юханссонның шәкірттерінің бірі ретінде «Modality in Kazakh as spoken in China» («Қытайдағы қазақ тіліндегі модалділік») атты докторлық диссертациямызды ғалымның теориялық тұғырнамасына сүйене отырып жаздық. Сонымен қатар «Topic in Kazakh as spoken in China» («Қытайдағы қазақ тіліндегі тақырыптық құрылым») және «Gender differences in the use of evidentials in spoken Kazakh in China: A corpus-based study» (Қытайдағы ауызекі қазақ тіліндегі эвиденциалдылықты қолданудағы гендерлік айырмашылықтар: корпустық зерттеу) атты жарияланған еңбектеріміз де Л. Юханссон қалыптастырған аспектуалдылық, ақпараттық құрылым және эвиденциалдылық теорияларына негізделген.

Мақала авторларының үлесі

А. Әбіш мақаланың тұжырымдамасын әзірледі, зерттеу материалдарын жинақтады, деректерге талдау жасады, мәтіннің бастапқы нұсқасын жазды және соңғы редакциясын дайындады.

Мүдделер қақтығысы

Автор мүдделер қақтығысының жоқ екенін мәлімдейді.

Әдебиеттер

- Abish, A. (2016). Modality in Kazakh as Spoken in China. *Turcologica*, 107. Wiesbaden: Harrassowitz.
- Abish, A. (2022). Topic in Kazakh as Spoken in China. *Turkic Languages*, 26, 75–88.
- Abish, A. (2024). Gender differences in the use of evidentials in Kazakh in China: A corpus-based study. *Turkic Languages*, 28(1), 139–156.
- Eker, S. (2014). Yayın değerlendirmesi: Lars Johanson (2002) Türk dili haritası üzerinde keşifler. *Bilig*, 265, 245–248.
- Johanson, L. (1971). Aspekt im Türkischen. Vorstudien zu einer Beschreibung des türkeitürkischen Aspektsystems [Aspect in Turkish: Preliminary Studies for a Description of the Turkish Aspect System]. Uppsala: Almqvist & Wiksell.
- Johanson, L., & Utas, B. (Eds.). (2000). Evidentials: Turkic, Iranian and neighbouring languages. Berlin & New York: Mouton de Gruyter.
- Johanson, L. (2001). Discoveries on the Turkic linguistic map. Wiesbaden: Harrassowitz.
- Johanson, L. (2002). Structural Factors in Turkic Language Contacts. London: Curzon.
- Johanson, L. (2021). *Turkic*. Cambridge: Cambridge University Press.
- Johanson, L., & Csató, É. Á. (Eds.). (2022). *The Turkic Languages* (2nd ed.). London & New York: Routledge.
- Johanson, L. (2023a). Aspect in the Languages of Europe. Ankara: Nobel.
- Johanson, L. (2023b). Code Copying. The Strength of Languages in Take-over and Carry-over Roles. Leiden & Boston: Brill.
- Lars Johanson. (2025). In Wikipedia. Retrieved December 1, 2025, from.
- Johanson, Lars (ed.) *Encyclopedia of Turkic Languages and Linguistics Online*. Leiden: Brill.
- LINGUIST List. (2025, December 15). In Memory of Prof. Dr. Dr. h.c. Lars Johanson (No. 36.3837).
- Róna-Tas, A. (2026). In memoriam Lars Johanson (1936–2025). Permanent International Altaistic Conference. <https://www.altaist.org/obituary-lars-johanson-1936-2025/>.

References

- Abish, A. (2016). Modality in Kazakh as Spoken in China. *Turcologica*, 107. Wiesbaden: Harrassowitz.
- Abish, A. (2022). Topic in Kazakh as Spoken in China. *Turkic Languages*, 26, 75–88.
- Abish, A. (2024). Gender differences in the use of evidentials in Kazakh in China: A corpus-based study. *Turkic Languages*, 28(1), 139–156.
- Eker, S. (2014). Yayın değerlendirmesi: Lars Johanson (2002) Türk dili haritası üzerinde keşifler. *Bilig*, 265, 245–248.
- Johanson, L. (1971). Aspekt im Türkischen. Vorstudien zu einer Beschreibung des türkeitürkischen Aspektsystems [Aspect in Turkish: Preliminary Studies for a Description of the Turkish Aspect System]. Uppsala: Almqvist & Wiksell.
- Johanson, L., & Utas, B. (Eds.). (2000). Evidentials: Turkic, Iranian and neighbouring languages. Berlin & New York: Mouton de Gruyter.
- Johanson, L. (2001). Discoveries on the Turkic linguistic map. Wiesbaden: Harrassowitz.
- Johanson, L. (2002). Structural Factors in Turkic Language Contacts. London: Curzon.
- Johanson, L. (2021). *Turkic*. Cambridge: Cambridge University Press.
- Johanson, L., & Csató, É. Á. (Eds.). (2022). *The Turkic Languages* (2nd ed.). London & New York: Routledge.
- Johanson, L. (2023a). Aspect in the Languages of Europe. Ankara: Nobel.
- Johanson, L. (2023b). Code Copying. The Strength of Languages in Take-over and Carry-over Roles. Leiden & Boston: Brill.
- Lars Johanson. (2025). In Wikipedia. Retrieved December 1, 2025, from.
- Johanson, Lars (ed.) *Encyclopedia of Turkic Languages and Linguistics Online*. Leiden: Brill.
- LINGUIST List. (2025, December 15). In Memory of Prof. Dr. Dr. h.c. Lars Johanson (No. 36.3837).
- Róna-Tas, A. (2026). In memoriam Lars Johanson (1936–2025). Permanent International Altaistic Conference. <https://www.altaist.org/obituary-lars-johanson-1936-2025/>.

Автор туралы мәлімет:

Әбіш Айнұр (корреспондент-автор) – қауымдастырылған профессор, КИМЭП университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: a.abish@kimep.kz).

Information about author:

Abish Aynur (corresponding author) – Associate Professor, KIMEP University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: a.abish@kimep.kz).

Информация об авторе:

Абиш Айнұр (автор-корреспондент) – доцент, Университет КИМЭП (Алматы, Казахстан, e-mail: a.abish@kimep.kz).

Келін түсті: 29 қаңтар 2026 жыл
Қабылданды: 25 наурыз 2026 жыл